



201 ____ ЖЫЛҒЫ _____

Астана, Үкімет Үйі

« ____ » _____ 201 ____ г.

№ _____

13.06.2019-ғы № 21-10/1259 дз шығыс хаты

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2019 жылғы 22 мамырдағы № ДС-94 сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің онкологиялық ауруға шалдыққан адамдарға медициналық көмек көрсетуге және зейнетақы төлеуге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Медициналық көмек көрсету бойынша

Қазіргі уақытта Қазақстанда барлық әлемде сияқты онкологиялық аурулар санының көбеюі байқалады. Мәселен, 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қатерлі ісіктің әртүрлі нысандарымен ауыратын 181 мыңнан астам пациент есепте тұр.

Сонымен қатар, соңғы 3 жылда қатерлі ісікпен сырқаттанушылық көрсеткішінің төмендегені (2016 жылы – 206,9, 2017 жылы – 199,2, 2018 жылы – 195,8) және 100 мың халыққа шаққанда қатерлі ісіктен болатын өлім көрсеткішінің де төмендегені байқалады (2016 жылы – 88,16, 2017 жылы – 84,11, 2018 жылы – 80,96). Бұл онкология бойынша қабылданатын шаралардың жетілдірілуімен байланысты.

Амбулаториялық-емханалық деңгейде елде онкологиялық көмек көрсету үшін 405 онколог кабинеті, 1604 тексеріп-қарау кабинеті, 16 онкологиялық орталық, көпбейінді ауруханалар жанындағы 4 онкологиялық бөлімше (Ақтөбе, Жезқазған, Шымкент және Көкшетау қалаларында) 2 республикалық ұйымдар (Алматы қаласында «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» АҚ және Нұр-Сұлтан қаласында «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» ЖШС) жұмыс істейді.

Медициналық көмек, оның ішінде онкологиялық патологиялары бар пациенттерді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі *(бұдан әрі – ТМККК)* шеңберінде жүргізіледі. 2019 жылы медициналық көмек көрсетуге, скринингтік зерттеулер жүргізуге және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге республикалық бюджеттен 56,2 млрд. теңге қарастырылған.

Сонымен қатар, 2020 жылдан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде онкологиялық ауруларға шалдыққан адамдарды ТМККК шеңберінде, сол сияқты МӘМС жүйесінде медициналық көмекпен толық қажетті қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында онкологиялық ауруларға қарсы күрес жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған кешенді жоспар *(Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 маусымдағы №395 қаулысымен бекітілген)* шеңберінде қауіп факторларының профилактикасы және оларды басқару, тиімділігі жоғары ерте диагностиканы дамыту, онкологиялық көмек көрсетудің интеграцияланған моделін енгізу, кадр әлеуеті мен ғылымды дамыту бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

Қазіргі таңда онкологиялық аурулар салдарынан мүгедек болған адамдар саны 39,6 мыңды немесе мүгедектердің жалпы санынан 5,7 %-ды құрайды. Қатерлі ісік салдарынан адамдарға мүгедектік белгілеген кезде организм функциялары бұзылуының көріну дәрежесі ғана емес, оңалту болжамы мен әлеуеті де ескеріледі, олар аурудың сатысына *(ісіктің көлемі мен орналасқан жері, метастаздардың болуы)* және емдік іс-шаралар жүргізу тиімділігіне *(радикалды ем: ісікті алып тастау, полихимиотерапия, сәулелік терапия)* байланысты болады.

Қатерлі ісік салдарынан алғаш рет мүгедек деп танылған адамдардың саны және алғаш рет мүгедек деп танылғандардың жалпы санындағы олардың үлес салмағы динамикада ересек тұрғындар, сондай-ақ балалар арасында ұлғаюда.

Сонымен қатар, онкологиялық қызметтің диагностикалық және емдік мүмкіндіктерін кеңейту, скринингтік іс-шараларды жүргізу алғашқы мүгедектіктің жалпы ауыртпалығының артуы аясында мүгедектіктің күрделі жағдайларын және ауырлығын төмендетуге әсер етті.

Сонымен қатар, емдеудің жаңа тиімді әдістерін енгізу науқастардың жағдайын тұрақтандыруға, аурудың асқынуын болдырмауға, онкологиялық аурулардың салдарынан мүгедектерді толық немесе ішінара оңалтуға мүмкіндік берді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде қатерлі ісіктері бар мүгедектерді бөлек санатқа шығару және оңалту болжамы мен әлеуетін, тіршілік әрекетінің шектелу дәрежесін есепке алмастан диагноз негізінде оларға мүгедектікті мерзімсіз белгілеу, сондай-ақ оларға әлеуметтік қолдаудың ерекше шараларын көрсету ауырлығы төмен емес әлеуметтік маңызы бар және үдемелі басқа

аурулармен ауыратын мүгедектер арасында әлеуметтік шиеленістің туындауына әкеп соғады.

Сонымен қатар, бүгінгі күні қатерлі ісік салдарынан мүгедек болған адамдардың 41,1%-ына Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес мүгедектік мерзімсіз белгіленді, оның ішінде 19,1% еңбек етуге қабілетті жастағы адамдар.

Біржолғы зейнетақы жинақтарын алу бойынша

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен (31-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы), егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектердің Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (бұдан әрі – БЖЗҚ) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқылы екенін атап өткен жөн.

БЖЗҚ-дан төленетін міндетті зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидаларына сәйкес бірінші және екінші мерзімсіз мүгедектік тобы бар адамдарға зейнетақы төлемдері ай сайын белгіленген кесте бойынша төленеді.

Ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесіне сәйкес зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасының он екіден бір бөлігі ретінде айқындалады.

Бұл ретте ай сайынғы зейнетақы төлемдерінің есептелген мөлшерінің төлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 54 пайызынан төмен емес мөлшерде жүзеге асырылады.

Өтініш берілген күнге дейінгі зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, аталған сома алушыға БЖЗҚ-дан бір рет төленеді.

Зейнетақы жинақтарын қалыптастырудың басты мақсаты әрбір азаматтың зейнетақымен қамсыздандыру бойынша конституциялық кепілдіктерін жүзеге асыру, материалдық әл-ауқатын арттыру және зейнеткерлік жасқа жеткен кезде лайықты өмір сүру жағдайларын жасау болып табылады.

Зейнетақы төлемдерінің нысаналы мақсаты – еңбекке жарамсыз жастағы халықтың тұрақты табысын (ай сайын) қамтамасыз ету екенін назарға ала отырып, жекелеген азаматтарға БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын біржолата төлеу туралы шешім қабылдау көрсетілген нысаналы мақсатқа қайшы келеді.

Г. Әбдіқалықова